



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»
атты халықаралық ғылыми конференциясы
Алматы, Қазақстан, 4-6 сәуір 2024 жыл

Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»
Алматы, Казахстан, 4-6 апреля 2024 года

International Scientific Conference of Students and
Young Scientists
“FARABI ALEMI»
Almaty, Kazakhstan, April 4-6, 2024

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ ЮРИДИЧЕСКИЙ
ФАКУЛЬТЕТ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERCITY
FACULTY OF LAW

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»
атты студенттер мен жас ғалымдардың
халықаралық ғылыми конференциясының
МАТЕРИАЛДАР жинағы
2024 жыл 4-6 сәуір

Сборник материалов
Международный конференций студентов и молодых ученых
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Қазақстан, 4-6 апреля 2024 года

Collection
Of the International Conference of Students and Young Scientists
«FARABI ALEMİ»
Almaty, Kazakhstan, 4-6 april 2024

Алматы
«Қазақ университеті»
2024

- қорғаудың әкімшілік-құқықтық формалары;
- қорғаудың соттық емес формалары;
- үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының қызметі.

Адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің маңызды мемлекеттік институты Қ.Р Конституциясына сәйкес ел Президенті болып табылады. Республика Президенті – халық және мемлекеттік биліктің бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі және символы (ҚР Конституциясының 40-бабы). Президенттің ерекше конституциялық мәртебесі халық алдындағы зор жауаптылығымен сипатталады.

Қорытындылай келе адамның ажырамас табиғи құқықтары деген ұғым бар.

Қазақстан Республика азаматының сөз бостандығына, субъект ретінде танылуына және өзінің құқықтары мен бостандықтарын барлық тәсілдермен қорғауына құқығы бар әрі оған мемлекет кепілдік береді. Алайда, еліміздегі соңғы жылдардағы оқиғалардың нәтижесі басқа. Соларды ескере отырып, мен мемлекетіміздің Республиканың бейбіт тұрғандарына өз наразылықтарын, қалауларын және шешімдерін еркін жеткізуге көбірек мүмкіндік беруін ұсынғым келеді. Осы қадам арқылы болашақта мемлекет пен халық арасында сенімді де мықты қатынас орнатары сөзсіз. Халықтың бойында мемлекетке деген сенімсіздік, қорқыныш сезімдері емес, керісінше сыйластық пен сенім ұялауы тиіс.

Түптеп келгенде адам құқығының сақталуы – мемлекет іргетасының беріктігі болып саналады. Себебі «құқықтық нигилизм» – өте қауіпті құбылыс. Егер заң орындалмаса, жай қолжаулық болып қалса, халықта заңға деген құрмет қалмайды, мемлекет пен билікке деген сенім де болмайды. Ал тарихтан белгілі – мұндай сенімсіздіктің салдары өте ауыр. Сондықтан да ел Президентінің жоғарыда аталған Жарлығын адам құқықтарын толыққанды әрі тиімді қорғау тәсілдерін түбегейлі өзгертетін маңызды құжат деп қабылдағанмыз жөн.

Қуандық Хорлан

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 1-ші курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: з.ғ.д., профессор **Ибраева А.С.**

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ: ЖАҢА СЫН-ҚАТЕРЛЕР МЕН ҚАУШТЕР

Рим империясының саяси тұлғасы Цицерон «Мемлекет деген- ортақ құқық мен мақсаттарға не адамдардың одағы» десе, Кеңес Одағының негізін қалаушы В.И. Ленин: «Мемлекет- бір сыныпты екіншісіне қысым жасайтын, бір сыныпқа бағынатын басқа бағынышты сыныптарды ұстайтын машина» - деп есептеген екен. Одақ болсын, машина болсын аталған ұйым түрі қоғамның қажеттілігінен туындағаны белгілі. Яғни оның орнығуының өзі оны құрайтын азаматтардың белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандыруда деп санауымызға әбден болады. Осы әрекеттерді жалпақ тілмен жинасақ мемлекеттің қызметі не функциясы деген тұжырымға келетіміз айқын.

«Мемлекет функциясы» термині мемлекет пен құқықтың жалпы теориясындағы іргелі терминдердің бірі болып саналады. Осыған байланысты ол күрделілігімен ерекшеленеді, өйткені онымен байланысты мәселелер белгісіздікпен сипатталады және ғылыми пікірталастар тудырады. Мемлекеттің функциялары-бұл жеке таптың немесе тұтастай қоғамның мүддесі үшін қоғамды басқару мақсатында мемлекет арнайы нысандарда және ерекше әдістермен жүзеге асыруы керек қызметтің негізгі бағыттары.

Мемлекеттің функциялары өте көп. Олардың негізгілері ежелгі мемлекеттерге тән болды, ал басқалары өркениет дамыған сайын пайда болды. Мемлекеттің функциялары ішкі және сыртқы болып бөлінеді.

Мемлекеттің негізгі ішкі функцияларына мыналар жатады:

- қоғамда заңдылық пен құқықтық тәртіп режимін белгілеу және қолдау;
- елдегі экономикалық өмірді, ақша айналымын ұйымдастыру;
- қоғамдық маңызы бар жұмыстарды жүзеге асыру (жолдар, көпірлер, суару жүйелерін салу және т.б.);
- әлеуметтік функция-қоғамда денсаулық сақтау, білім беру, кедейлер мен мүгедектерге көмек көрсетудің белгілі бір жүйелерін ұйымдастыру және т.б.

Мемлекеттің негізгі сыртқы функцияларына мыналар жатады:

- сыртқы шабуыл кезінде елдің шекараларын қорғау және қорғау;
- сыртқы саяси қызмет-елдің басқа елдермен қарым-қатынаста өкілдігі;

– басқа елдермен экономикалық байланыстарды ұйымдастыру¹.

Аталған қызметтерді орындау әр мемлекет үшін өте маңызды, себебі осы функциялар қажетті шамада орындалғанда ғана мемлекет өз статусына сенімді бола алады. Тарихта мемлекет функцияларын дұрыс реттеу арқылы «мінсіз мемлекет» құру әрекеттері де болған. Ежелгі грек философы Платонның Сицилияға барып мінсіз жүйе құруға деген әрекеті, Ағылшын философы Томас Мордың «Утопия» еңбегі, Доминикан Монахы, философ Томаззо Компанелланың «Күн қаласы» еңбегі, Френсис Бэконның «Жаңа Атлантида», Луи Мерсьенің «2440 жыл», Николай Чернышевскийдің «Вера Павлованың төртінші түсі» атты еңбектерден байқай аламыз. Аталған еңбектердің барлығы дерлік дұрыс қоғам моделін құру жолында адамның құқықтарын шектеу қажеттігін алға тартады десек болады. Ортақ меншік, ортақ міндет, тіпті адамның жеке құқықтары мен бостандықтарының «мінсіз мемлекет құру жолында» құрбан болу міндеттілігі аңғарылады. Мемлекет өз қызметін жүзеге асыру арқылы бүгінгі ғана емес, болашағын да айқындайды.

Адам баласы «саналы» болғанымен, өз миының жұмысын, қаражатын, ресурстарын ғылым мен білімнен бұрын, соғыс пен қақтығыстарға жұмсайтындықтан ғасырлар бойы бір мемлекеттің дамуы мен орнығуы мүмкін емес. Тарихта жаулап алулардың кесірінен қаншама мемлекеттер колонияға айналды, кейбіреулері тіпті жойылып кетсе, кейбіреуі жаңадан қалыптасты.

XX ғасырдың басындағы бірінші дүниежүзілік соғыстың толық бітіммен аяқталмауы кесірінен, ең үлкен адам шығынына ие екінші дүниежүзілік соғыс орын алды. БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі тұрақты комиссары Фолькер Түрк өткен жылдың желтоқсанында әлемде 55 қарулы қақтығыс тіркелгенін айтты. Бірақ БҰҰ-мен ынтымақтасатын Женева академиясы әлемге сәл оң көзқараспен қарайды. Оның айтуынша, қазір бүкіл әлемде тек 46 қарулы қақтығыс болып жатыр³. Судан мемлекетіндегі «қарулы күштер соғысы», Гаитидағы «бандиттік соғыс», Эфиопиядағы, Чад мемлекеті және Камерун, Орталық Африка Республикасы, Йемен, Ливия, Сириядағы «азаматтық соғыс», Мозамбиктегі «мұсылмандық көтеріліс», Филиппин мемлекетіндегі «нашақорлықпен соғыс» (ел президентінің нашақорлыққа қатысы бар адамдарды тергеусіз, сотсыз өлтіруге рұқсат беруінен бастау алған қақтығыс), Нигериядағы «Бохо Харам» көтерілісі, Парагваядағы «повстанецтермен соғыс», Ресей- Украина соғысы т.с.с. қақтығыстар күн санап орын алуда.

Осындай қиын жағдайда мемлекеттің ішкі және сыртқы функцияларын жүзеге асыру өте қиын. Жағдайды бағалау үшін футуролог ғалымдардың зерттеулеріне жүгінсек болады. Барабар әрекет ету үшін қазіргі таңда біздің қандай жағдайда екенімізді түсіну өте маңызды. «Терезеден тыс» әлемнің не екенін түсіну үшін оны қысқаша, түсінікті, кең сипаттау арқылы ғана мүмкін болады. VUCA, BANI және SHIVA акроним авторлары дәл осылай жасауға тырысқан болатын. Vuca (Volatility-Құбылмалылық, Uncertainty-Белгісіздік, Complexity – Күрделілік, Ambiguity-Түсініксіздік) аббревиатурасы 1985 жылы пайда болды. Оны жасаушылар, экономистер Уоррен Беннис және Берт Нанус оқырмандарды «көшбасшылар» кітабында таныстырды. Ғалымдар «қырғи қабақ соғыстың» аяқталу қарсаңында тұрған қазіргі әлемді өзгермелі, белгісіз, күрделі және екіұшты деп сипаттады. Модельді жақтаушылар эмоционалды интеллектке және «икемді» дағдылар деп аталатын жұмсақ дағдыларға ставка жасауды ұсынады. Сонымен қатар, VUCA негізінде VUCA-Prime тұжырымдамасы пайда болды, ол пайымдарға «қарсы» болатын аббревиатура. VUCA-Prime авторы Роберт Йохансен (Vision - көру, understanding - түсіну, Clarity-айқындық, agility-жылдамдық) болып табылады. Аталған кезең 2016 жылы BANI концептінің шығуы кезеңімен аяқталды деп санайтын ғалымдар бар. Бұл концепт бойынша (Brittle-нәзік, Anxious-мазасыз, Nonlinear-біртексіз (сызықтық емес), Incomprehensible-түсініксіз) тұжырымдаманың авторы, футуролог Джемейс Кашио (Jamais Cascio) нәзіктікке икемділік пен қарсылықты, мазасыздықты - эмпатия мен зейінді, сызықтық емес - жалпы контексті түсінуді және тағы да икемділікті, ал түсініксіздікті максималды ашықтық пен түйсікке қарсы қоюға болатындығын түсіндіреді. SHIVA (Split- бөліну, Horrible- қорқынышты, Inconceivable-ойға келмейтін, Vicious-жауыз, Arising-туындайтын) тұжырымдамасын 2022 жылы "ЭКОПСИ Консалтинг" психологы және басқарушы серіктесі Марк Розин ұсынды. Шива ескінің құлдырауын және жаңа әлемнің пайда болуын білдіреді. Автор өзінің тұжырымдамасын жаңа жаратылыс үшін кеңістік құру мақсатында ғаламның жойғыш индуизм құдайы Шивамен салыстырады. Оның жанында рухтар мен жындар бар. Розиннің айтуынша, 2022 жылы «осы уақытқа дейін жасырын болған жындар жарыққа шықты - бұл біздің Шива әлеміне көшкеніміздің айқын белгісі». Өтпелі кезеңнің белгілерінің бірі – «қара Аққулар» - айтарлықтай әсер ететін болжау қиын оқиғалар - деп түсіндіреді.

Әр-түрлі концепт, әр түрлі ойлар бүгінгі таңдағы болып жатқан адамды ресурсқа айналдырған соғыс кезеңінде өз пайдасын беретіні күмән тудырады. Бүгінгі кезеңді қалай атаса да, ғасырлар бойы өзінің шешімін таппаған қайшылықтардың қорытындысы екені барлығымызға мәлім. Соғыс жүріп жатқан мемлекеттер өзінің сыртқы немесе ішкі функцияларын орындамауы былай тұрсын,

дүниежүзілік деңгейде эмигранттар мәселесін тудырып, халықаралық қайшылықтар мен күрделі процестердің бастауына айналуда. Эмигранттардың құқықтары мен мүдделерінің бұзылуы тек ұлттық емес, діни-конфессиялық қақтығыстар мен шиеленістер тудыруда. Аталған қақтығыстар планетамызда орын алып жатқан үлкен экологиялық апаттар, технологиялық өзгерістерге қажетті көңіл бөлу деңгейінің азаюына алып келуде. Экономикалық дағдарыстың туындауына әсер еткен соғыстар бейбіт өмір сүріп жатқан мемлекеттердің тіпті ішкі функцияларын тиісті дәрежеде орындауына кері әсерін тигізуде. Әр ғасыр сайын соғыс, қақтығыстар болып тұрған. Сонда да өз санасына оның кесірін түймеген «саналы адам» өзінің жалғыз мекені Жер планетасын өмір процессі тоқтаған сфераға айналдыратыны сөзсіз. Жер планетасының болашағы біздің бүгінгі әрекеттерімізге байланысты. Егер біз табиғи ресурстарды саркуды, ластануды және климаттың өзгеруін елемеуді жалғастыра берсек, онда жердің болашағы экологиялық дағдарыстармен, биоәртүрліліктің жоғалуымен және тұрақсыз климатпен көлеңкеленуі мүмкін. Алайда, егер біз қоршаған ортаны сақтау, таза энергия көздерін дамыту, ресурстарды тұрақты пайдалану және планетаға әсерімізге қатысты жауапты шешімдер қабылдау бойынша белсенді шаралар қабылдайтын болсақ, онда қолайлы болашақ құру мүмкіндігі бар. Бұл өндіріс пен тұтынудың тұрақты түрлеріне көшуді, экологиялық технологиялар инновацияларын қолдауды және климаттың өзгеруіне қарсы халықаралық келісімдерді қабылдауды қамтуы мүмкін. Жердің болашағын анықтайтын негізгі факторларға мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық, өмірдің барлық салаларында экологиялық тұрақты тәжірибелерді енгізу және қоғамның шешім қабылдау процесіне қатысуын қамтамасыз ету кіреді.

Не болмаса уақытқа ерік беріп қилы кезеңдердің өзімен өзі тұрақтануын күтуіміз қажет шығар. Бәлкім мемлекет сынды күрделі жүйені құра білген адам баласы, оны сақтау жолын да ойлап тауып қалар. Соғыстар мен қақтығыстар, дағдарыстар мен өзгерістерді еңсеру жолдары барлығымызға мәлім, бірақ соны ұстануды өзіміз қаламаймыз. Нағыз қажетті мәселелерге адам баласының бетін бұру үшін қазіргі таңда халықаралық татуластыру институтын құра отырып, жанжалдасқан топтарды келісімге келтіруді қолға алу қажет. Егер де осы әрекетті қолға алмасақ, тарих беттеріндегі империялар мен қағанаттар қатарына қазіргі заман мемлекеттері қосылары айқын. Орнына жаңа мемлекет немесе одан да басқа құрылым түрін құру жүзеге асырылуы да әбден мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 https://foxford.ru/wiki/obschestvoznanie/gosudarstvo-ego-priznaki-i-unktsii?utm_referrer=https%3A%2F%2Fyandex.kz%2F
- 2 <https://moluch.ru/archive/449/98877/>
- 3 <https://dzen.ru/a/Zb34lyHYtVESJuQa>
- 4 <https://trends.rbc.ru/trends/futurology/62866fde9a794701a4c38ae4>

Кунтуған Дариға

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2-ші курс студенті

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к., аға оқытушы **Турсынқұлова Д.А.**

ЖАҚЫП АҚБАЕВТЫҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Жақып Ақбаев қазақ қоғамының ежелгі кезден бергі мемлекеттік-құқықлық проблемаларын алғашқы зерттеушілердің бірі болды. Оның ғылыми ынта қойған мәселелерінің ауқымы қазақ мемлекетінің пайда болуы, құқылық жүенің, құқылық ұғымдардың, терминдердің қалыптасу мәселелерін қамтыды.

Біз қазақтың дағдылы құқығына Ш. Уәлихановтың көзқарастар мен идеяларын қысқаша баяндап өту қажет деп таптық, себбеі, ол қазақ халқы өмірінің ерекше жағдайларына оның пайда борлуы мен қалыптасуының тарихи жолын көрсетуге ұмтылған. Ал мұндай көзқарас қазақ құқығының мәнін, сипатын, ерешкеліктерін түсінудің кілті бола алады. Бұл қазақ халқының құқылық және тарихи өмірінде болған түбірлі өзгерістерге байланысты қажет болды. XIX ғасырдың басынан патша сомодержавиесі қазақ қоғамына елеулі өзгерістер енгізген қалыпты құжаттар қабылдай бастады, олар қазақтар өмірін реттеуге көмектесіп келген құқылық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді түрлі салалардан ығыстырып шығарды. Ш. Уәлихановтың қазақ құқығы саласындағы ең басты мәселелерге арналған ғылыми идеялары патша үкіметінің саясатына айтарлықтай ықпал етіп, қазақ даласын басқару жөніндегі XIX ғасырдың 60-70 жылдардағы құқылық құжаттардан көрініс тапты [1, 17 б.].

Ш. Уәлиханов қазақ құқығының бірқатар өзінді ерекше белгілерін көрсетіп, оны түсіну негіздерін қалады деуге болады. Жарты ғасырдан кейін бұл іске енді кәсіби-заңгер Ж. Ақбаев өз үлесін